

№33
(7822)

18 тамыз,
Сейсенбі,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ПРАЙМЕРИЗДІҢ БАСТАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҮНДЕУІ



Құрметті отандастар!

Пандемия салдарынан Қазақстан бүкіл әлем елдерімен бірге күтпеген қиындықтарға тап болып, жаһандық дағдарыстың ең қиын кезеңін бастан өткеруде.

Әлеуметтік-экономикалық ахуалдың күрт нашарлауы нәтижесінде дамыған мемлекеттер де дағдарыспен күресуде.

Мұндай жағдайда кез келген үкіметтің алдында тұрған ең өзекті мәселе — экономиканың дамуы және ел азаматтарының денсаулығы.

Бізге халықтың қауіпсіздігі мен амандығы үшін бар күш-жігерімізді салу маңызды.

Сондықтан Президентіміз, Үкіметіміз көп шараларды қолға алып жатқанын білесіздер.

Осы орайда медицина қызметкерлеріне ерекше алғысымды білдіремін. Олар пандемияның алғашқы күндерінен бастап коронавирусқа қарсы күрестің алдыңғы шебінде жүр.

Еріктілерге де алғысым шексіз. «Біз Біргеміз!» акциясы аясында ғана «Jas Otan» барлық мұқтаж жандарға қолдау көрсеткен бес мың еріктінің басын біріктірді.

Әрине, кемшіліктер де болды.

Коронавирус дағдарысы мемлекеттік басқарудың кейбір салаларында олқы тұстар бар екенін де көрсетті.

Жедел әрекет ету жағы жетіспей жатты, мәселенің шешілуі бюрократиялық кедергілерге кеп тірелді.

Мемлекеттік органдар мен кейбір басшылар халықтың нақты проблемаларын жете сезінбейді деген сын айтылып жүргенін мен жақсы білемін.

Бұл барлық деңгейдегі депутаттардың да жұмысына қатысты.

Оны көбіне орынды сын деп есептеймін.

Депутаттар халықтың ортасында болып, елдің мұң-мұқтажын жеткізуге тиіс.

Депутаттардың міндеті — әрдайым ел мүддесін қорғау. Осыны ұмытпауымыз керек.

Уважаемые соотечественники!

Три года назад была проведена конституционная реформа.

Заложена основа глубокой модернизации партийно-политической системы.

Усилены роль Парламента и подотчетность Правительства.

Реализован переход на пропорциональную систему выборов представительных органов.

В этом году численный порог для регистрации политических партий снижен в 2 раза.

Законодательно введена квота в 30% для женщин и молодежи в партийных списках.

Именно партии должны стать источником выдвижения во власть новых лиц — профессионалов своего дела, авторитетных лидеров, людей, болеющих за судьбу страны, умеющих принимать решения и вносить конструктивные предложения.

Понимая свою историческую ответственность, «Nur Otan» принял программу «Доверие. Диалог. Уверенность в будущем».

Результатом «перезагрузки» правящей партии станет проведение масштабных праймериз по всей стране.

Это — внутрипартийные выборы. Это реальный социальный лифт. Конкурентный отбор, поиск свежих идей и проектов.

Многие известные политологи и гражданские активисты поддержали данную идею.

Это люди с проактивной гражданской позицией, которые объединились в Лигу сторонников «Nur Otan» и готовы принять участие в реформах.

Необходимые условия для открытой и подотчетных внутрипартийных выборов нами созданы.

Главное — обеспечить прозрачность и честность, равные условия и конкурентность для всех участников.

Уверен, что в атмосфере доверия и взаимного уважения будут подняты

волнующие граждан вопросы.

Озвученные проблемы партии должны взять «на карандаш».

Все решения необходимо увязать с возможностями бюджета для включения в предвыборные программы каждого района, города, области.

Перед страной стоит вопрос восстановления экономического роста после пандемии, создание рабочих мест, оживление работы малого и среднего бизнеса.

Также предстоит проанализировать проблему борьбы с пандемией и подготовиться на случай ее второй волны.

Все это войдет в предвыборную программу партии и станет руководством к действиям нуротановцев на следующие 5 лет.

Призываю всех партийцев и сторонников «Nur Otan» принять самое активное участие в этом важном для нашей страны политическом событии!

Құрметті отандастар!

Біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында тұрмыз.

Ғасырға тең келетін жол жүріп өттік. Біздің буын ауыртыпалығы мол дағдарыс кезеңінде егеменмемлекет құрды.

Ұлттық экономика қалыптасты. Шекарамыз шегенделді. Қазақстан әлемге бейбітсүйгіш ел ретінде танылды.

Біз тұрақтылық пен келісімді сақтай білдік. Біртұтас ұлтқа айналдық. Бірақ алдымызда елі де көптеген қиындықтар бар екені анық.

Мен әрдайым айтып келемін және қазір де қайталап айтамын: «Тәуелсіздікке қол жеткізу бір бөлек, оны көздің қарашығындай қорғап, нығайтып, келер ұрпаққа тапсыруға тиіспіз».

Сондықтан жиган тәжірибемізге сүйеніп, өткен күннен сабақ алып, алға ұмтылуымыз керек.

Ортақ мақсат — елдің ертеңі, халықтың болашағы жолында біріге алатындар ғана табысқа қол жеткізетінін ұмытпайық.

азаматы» атағын беру туралы хабарламаны аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жасады. Күн төртібіндегі келесі мәселе Ойыл ауданы бойынша терроризмге қарсы күрес жөніндегі комиссия құрамын бекіту. Аудан әкімі жанындағы ведомствоаралық сипаттағы мәселелер жөніндегі консультациялық-кеңесші органдардың дербес құрамдарын қайта бекіту туралы шешімге өзгеріс енгізу. Аудан әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия құрамын бекіту шешімі. Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамын қайта қарау. Сыбайлас жемқорлыққа күрес мәселелері жөнінде аймақтық комиссия құрамын бекіту шешіміне өзгеріс енгізу. Ойыл ауданы бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және қайта құру шешіміне өзгеріс енгізу туралы аудан әкімі аппаратының басшысы Ербол Тілепов хабарлама жасады.

Сессияда қаралған келесі мәселелер Аудандық жер комиссиясының ережесін және құрамы туралы шешімге, №256 «Учаскелік сайлау комиссияларының сайлау туралы шешімдерге өзгеріс енгізу ұсынды. Сонымен қатар сессияда қатысушылар Ойыл ауданы үшін маңызға ие ауыл шаруашылығы, жер, жол мәселесі туралы ұсыныстарын да айтып өтті.

ПРАЙМЕРИЗ - БӘРІНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІК!

Праймериз — партиялық жүйедегі ең оңтайлы әдіс-тәсілдерді және тиімді идеяны жинақтайтын әрі көшбасшы бола алатын азаматтарды таңдауға мүмкіндік беретін тиімді жүйе. Праймериз процесінде әртүрлі проблеманы шешудің жолдары, сонымен бірге елді, қоғамды дамытуда жаңа көзқарасқа жол ашылады.

Өйткені, аймақтарда қордаланып қалған проблемалар бар. Сондықтан жергілікті жердегі проблеманы сол жердегі халықтың күшімен, іскер, білікті азаматтардың идеясымен шешуде праймериз тәсілінің пайдасы зор. Жергілікті көшбасшыларды, жаңа көзқарастағы азаматтарды таңдайтын кез келді. Былайша айтқанда, бұл — кәдімгі жарыс, сайыс түрі. Саяси жарыс. Праймериз — қазіргі қоғамның қажеттілігіне тура келетін тәсіл. Оған қоса бұл тәсіл Nur Otan партиясының

қатарына өзіндік ойы бар батыл адамдарды мүшелікке тартуға көмектеседі.

Біріншіден, праймериз әдісіне қатысушылар науқан барысында азаматтардың пікірін жинай отырып, округте, облыста, аймақта Nur Otan-ның сайлауалды бағдарламаларын ұсынады. Кез келген кандидаттың мақсаты — өз сайлаушыларына ол болашақта Мәжілістегі немесе мәслихаттардағы партиялық фракция құрамында осы бағдарламаны іске асыруға өз үлесін қоса алатындығына сендіруі тиіс. Сондай-ақ, депутат болғысы келетін кез-келген адам партияға кіре алады және жалпы сайлауда партиялық тізімге ене алады. Сондықтан енді жарыс орталықта да, жергілікті қауымдас-тықтарда да қызу жүреді. Ал партия үшін түрлі әлеуметтік топтардың

мүдделері мен сұраныстарын ескере отырып, партиялық тізімдерге үміткерлерді іріктейтін сүзгі түрінде болады. Қазіргі өзгеріп, жаңарып отырған қоғамдық талаптарды ескеріп, соған сай әрекет етуде праймериз әдісі дер кезінде таңдалып отыр деуге болады. Партия төрағасы, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам - Nur Otan партиясының 7 серпіні» атты партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасына сәйкес туған өлкесінің болашағы үшін бар күш-жігерін жұмсайтын нағыз жанашыр, шынайы патриоттарды праймеризге қатысуға шақырамын!

Асқар ҚАЗЫБАЕВ,
Ойыл ауданының әкімі, Nur Otan партиясы Ойыл аудандық филиалының төрағасы.

ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ПАРТИЯШІЛІК САЙЛАУ - ПРАЙМЕРИЗ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ!

Праймериздің мақсаты — Парламент мәжілісіндегі және мәслихаттағы тиімді депутаттық қорлуы одан әрі қалыптастыру, партиялық желі бойынша ілгерілету, оларды мемлекеттік орган-дардағы лауазымдарға ұсыну үшін бәсекелестік күрес негізінде нақты және мықты көшбасшыларды анықтау.

Праймериз кезінде партиялықтармен партия бағдарламаларында өз шешімін табатын өзекті, нақты жергілікті мәселелер анықталатын

болады. Егер Сіз біздің ауданның тағдырына немқұрайлы болмасаңыз және Сіз оны жақсартқыңыз келсе — праймеризге қатысуға шақырамыз!

Іріктеуге жасы 20-дан асқан, сотталмаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Праймеризге қатысуға тек партия мүшелері ғана емес, сонымен қатар, партиялық емес, бірақ «Nur Otan» партиясына мүше болғысы келетіндер де жіберіледі.

Қалай қатысуға болады:

1 қадам. Егер партия мүшесі болмасаңыз, «Nur Otan» партиясына кірі; 2 қадам. «Праймериз» ақпарат-тық жүйесіне тіркелу. Тіркеуді primaries.kz сілтемесі арқылы немесе Google Play

және App Store-дан жүктеп алуға қолжетімді «Primitives» мобильді қосымшасы арқылы етуге болады;

3 қадам. Өтініш беру және қажетті құжаттарды сайтқа немесе қосымша арқылы жүктеу;

4 қадам. Өзіңіз онлайн өтінімін растау үшін үміткер аумақтық ұйымдастыру комитетіне жеке өзі келуі тиіс.

Сондай-ақ, өтінімді Ойыл аудандық партия филиалы (ұйымдас-тыру комитеті) мекен-жайы бойынша жеке ұсынуға болады: Б.Жол-мырзаев 16. Байланыс телефондары: 2-12-19.

Өтінімдер 2020 жылғы 17 тамыздың 9.00-ден 28 тамыздың 18:00-ге дейін қабыл-данады.

МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯ 17 ТАМЫЗДАН БАСТАП КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН АЛЫП ТАСТАУ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Үкімет басшысы Асқар Маминнің төрағалығымен өткен мемлекеттік комиссия отырысында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, Карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспары қаралды, — деп хабарлады prime-minister.kz. Еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, шектеу шараларын жеңілдету жөніндегі ұсыныстар, өңірлер мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі қайта бастау дайындығы туралы денсаулық сақтау министрі А. Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Келгінов, Алматы қаласының әкімі Б. Сағынтаев, Қарағанды облысының әкімі Ж. Қасымбек, Түркістан облысының әкімі Ә. Шөкеев, Атырау облысының әкімі М. Дос-мұхамбетов, «Атамекен» ҰКП басқар- ма төрағасы А. Мырзахметов және т. б. баяндады. Қазақстанда карантин шаралары күшіне енгізілген кезеңде эпидемиологиялық ахуал тұрақтан- дырылып, медициналық ұйымдардың жүктемесі айтарлықтай төмендетілді.

Вирусты жұқтырудың тәуліктік өсімі 4%-дан 0,5%-ға дейін төмендеді. Сауығып шыққан адамдар саны 76%-ға жетті. Репродуктивтіліктің орташа көрсеткіші 0,78-ге дейін төмендеді, төсек орындарының жүктемесі 26%-ды құрайды. Мамин Тоқаевқа карантинді жеңілдету жайында баяндады Табыссыз қалғандарға 42 500 теңге төленіп жатыр Коронавирусқа шал-дыққандардың ішінде 107 науқастың жағдайы нашар Мемлекеттік комиссия өңірлердің өкімдерінің ұсыныстарын, сондай-ақ Денсаулық сақтау минис- трлігі мен басқа да ведомстволардың ұстанымын ескере отырып, Карантин

шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарын бекітті және бірқатар шешім қабылдады:

1. 2020 жылғы 17 тамыздан бастап барлық өңірлерде жұмысын қайта бастайтын кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет түрлерінің тізбесі бекітілді: КОМО, сауда үйлері (бутиктер), сауда желілері, жабық базарлар (толым- дылығы 30%-дан аспауы тиіс, 1 келушіге 4 ш. м); сүлүлік салондары, шаштараз, СПА орталықтары, космо- тологиялық қызмет көрсететін нысан- дар (алдын ала жазылу бойынша 1 келушіге 4 ш.м.); бассейні жоқ фитнес орталықтары (толымдылығы 50%-дан аспауы тиіс, 1 келушіге 5 ш.м.), бассейні жоқ моншалар мен сауналар (толымдылығы 50%-дан аспауы тиіс, 1 келушіге 4 ш.м.); балаларға арнал- ған түзету кабинеттері, балалар және ересектерге білім беру орталықтары (топтарда — 5 адамнан артық емес, жазылу бойынша); мектепке дейінгі балалар мекемелерінің кезекші топ- тары (15 адамнан артық емес); ашық ауадағы аттрак-циондар (қашықтықты сақтау, маска тағы, адамдар ағынын реттеу). Жұмыс берушілерге қызмет- керлердің кемінде 80% үшін қашықтан жұмыс істеу форматын сақтау ұсыны- лады.

2. 2020 жылғы 17 тамыздан бастап ашық ауада жеке және топтық жаттығулар жасауға (5 адамнан артық емес) және ұлттық құрама, клуб ко- мандалары үшін спорттық жаттығулар жасауға (30 адамнан артық емес, спорт база-ларында тұру, эпидемияға қарсы шараларды және алдын алу шара-ларын сақтау) рұқсат етіледі.

3. Биылғы 17 тамыздан бастап қо-

ғамдық көліктер соңғы аялдамада дезинфекциялау мен желдетуді қам- тамасыз етумен, отырғызу орын- дарының толуына қарай жүре бас- тайды.

4. Салынған тыйым сақталады: ойын-сауық, спорттық, отбасылық, естелік, салтанатты және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге, сонымен қатар үйде өткізуге; барлар- дың, түнгі және ойын клубтарының, караоке, фудкорттардың, кинотеатр- лардың және балалар мен ересектерге арналған басқа да ойын-сауық орындарының жұмысына; мәдениет нысандарының, музейлердің қызме- тіне, конференциялар, көрмелер, форумдар өткізуге; бассейндер, қалалық және қоғамдық жағажайлар, ашық аквапарктердің жұмысына; діни нысандардың жұмысына; қала маңындағы жолаушылар пойыздарының/электричкалардың қозғалы- сына, жұмыс пойыздарын, қала- аралық автобустарды/микроавтобус- тарды қоспағанда, ортақ вагондарды құруға.

5. Эпидемиологиялық жағдайды одан әрі тұрақтандыру мақсатында демалыс күндері шектеу шаралары сақталады. «Маска режимі мен өлеу- меттік қашықтықты сақтау барлық адамдар үшін сақталуы тиіс міндетті санитарлық талаптар және бұл аза- маттардың күнделікті өміріндегі ере- желерге айналуы қажет. Бизнес субъектілерінің қызметін олар толық дайын болған жағдайда ғана қайта бастау қажет», — деді Үкімет басшысы.

КЕЗЕКТІ СЕССИЯ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫНА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, АППАРАТ БАСШЫЛАРЫ, АУДАНДЫҚ БӨЛІМДЕР БАСШЫЛАРЫ, АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ҚАТЫСТЫ. КҮН ТӘР- ТІБІНЕ 18 МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ.

Күн төртібіндегі бірінші мәселе бойынша аудан әкімі Асқар Қазыбаев 2020 жылдың І-жартыжылдығындағы өзіне жүктелген функциялар мен міндеттер туралы есебін баяндады. Ойыл ауданы мен шағын ауылдық округтардың мәселелерін, жастарды жұмысқа тарту, қазіргі таңдағы шаруа- шылықтардың заман талабына сай ойысуы туралы да айтып өтті. Екінші мәселе «2020-2022 жылдарға арнал- ған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу. «Ойыл ауданы- ның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау және тұру, әлеуметтік қамсыз- дандыру, мәдениет, спорт және агро- өнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2020 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Қайнар Ұлықпанов хабарлады. Келесі күн төртібіндегі мәселе Ойыл ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыз- дандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының

мамандарына бюджет қаражаты есе- бінен коммуналдық көрсетілетін қыз- меттерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көр- сету тәртібін және мөлшерін бекіту. Ойыл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау. Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің қызметіне жәрдем- десу, сондай-ақ жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмектерді ұйымдастыру жөніндегі комиссияның құрамын бекіту шеші- міне өзгеріс енгізу туралы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Иманғалиев Бекболат хабарлама жасады. Одан өрі Ойыл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу, арнайы орындардың материалдық-техникалық және ұйым- дастырушылық қызметтерімен қамта- масыз ету талаптары, тыйым салын- ған іргелес аумақтардың шекара- ларын айқындау жайында аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев баяндама жасады. Келесі мәселе - «Ойыл ауданының Құрметті



негізінде қашықтан немесе жеке төртіптен ұйымдастырылады. Шағын топтардағы бала саны 5-тен аспауы тиіс.

Арнайы білім беру ұйымдары Ата-аналардың таңдауы бойынша

арнайы онлайн кеңес беру немесе мамандардың жеке қабылдаулары ұйымдастырылады. Денсаулығында күрделі проблемалары бар бала- ларды қабылдау алдын ала жазылу тәртібімен жеке жүргізіледі.

ХАЛЫҚ ШОҒЫРЫН АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ



Ойыл ауданындағы жалғыз банкте кезектің көптігі әлеуметтік желіге жарияланған соң Ойыл аудандық «NurOtan» партиясының филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы мүшелері Евразиялық банк филиалына, «Казпошта» АҚ-на, халыққа қызмет көрсету орталығына рейд жұмыстарын жүргізіп, санитарлық нормалардың сақталуын бақылады. Нәтижесінде Евразиялық банктің облыстағы басшылығына тағы бір банкоматты іске қосу жөнінде ұсыныс хат жолданды.

Пандемияға байланысты банк ғимаратына үш адамнан артық кіруге рұқсат жоқ. Маскамен кіру тәртібі жолға қойылып, антисептикалық құралдарымен қамтамасыз етілген. Осыған орай, комиссия төрағасы Исатай Берғалиев банк қызметкерлеріне қауіпсіздік шараларын ұйымдастырып, кемшіліктерді жоюды ұсынды.

КР ДСМ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ, ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ ЖАЗИРА ЕМБЕРДИЕВА КОРОНАВИРУСТЫ ИНФЕКЦИЯМЕН АУЫРҒАН АДАМДАРҒА МЫНА КЕҢЕСТЕРДІ Ұсынады:



1. Күн сайынғы тыныс алу гимнастикасы. Дем алуды – дем шығаруды бақылау арқылы қарапайым жаттығулар жасау. Оларды отырып та, тесекте жатып немесе жартылай жатып та жасауға болады. Аурудан кейін организм өлі де күшеймегендіктен, жаттығуларда шамадан тыс көп жасамансыз, жүктемелерді біртіндеп арттырғаныңыз дұрыс. Тыныс алу гимнастикасы өкпенің қалыпты жұмыс істеуіне ықпал етеді және оны оттекпен қанықтырады.

2. Таза ауада күн сайын серуендеу. Жаяу жүру газ алмасуды жақсартыды және коронавирусты инфекциядан соң және организмнің ұзақ уақыт өлсіреуінен кейін сізге өте қажет күш қуат береді.

3. Дұрыс тамақтану керек! Организмге ақуыздар, майлар және көмірсулар қажет. Көкөніс пен жеміс-жидек мол болатын жазғы мезгілді жіберіп алмаңыз. Тәттілерден де бас тарт-

паңыз (тек белгілі бір көлемде) – олар көңіл-күйіңізді арттырады.

4. 7-8 сағаттан кем болмайтын толыққанды ұйқы. Ұйқытардың алдында бөлмені міндетті түрде желдету керек және 2 – 3 сағат бұрын тамақтанған дұрыс. Бұл тез қалыңқа келуіңізге көмектеседі.

5. Стресстің және үрейдің алдын алу. Қазір барлығымыз – ауырғандар да, ауырмағандар да стресс жағдайындамыз. Аталған инфекцияның ерекшелігі гипоксия, оттектің жетіспеуі болып табылады. Бұл қорқыныштың және депрессияның алғышарты болуы мүмкін. Мұндай жағдайда психологтан кеңес алуыңызға болады. Ол сізге алдағы уақытқа сенімділік бере алады. Әлде жақын адамдарыңызбен қарым-қатынастарыңызды күшейтіңіз, табиғатқа шығыңыз, Д витамині деңгейін арттыру үшін күнге күйіңіз, оң эмоциялар тезірек қалыңқа келуге көмектеседі.

АНТИСЕПТИКТІ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЛАЙ ЖАСАЙМЫЗ?



Пандемия кезінде санитарлық тазартқыштар өржаысымыздың сенімді достарымызға айналды. Қолыңызды таза ұстау вирустардан қорғауға көмектеседі. SARS-CoV-2 табиғи түрде пайда болған вирус түрі. Сондықтан бұл вирусты кез-келген белсенді тазартқыш зат жоя алады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қолды санитарлық тазартуға арналған екі рецепті қолдануды ұсынады: біреуі этил спиртіне, екіншісі изопропил спиртіне негізделген. Екі тәсіл де өз функцияларын тамаша орындайды.

Ол үшін сізге не керек? Теріні ылғалдандыру үшін, глицерин керек. Ал микробты спорааларды залалсыздандыру үшін, сутегінің асқын тотығы (перекись водорода) керек.

Қандай пропорцияда араластыру керек?

1 нұсқа. 10 литрге есептегенде: этанол (96%) - 8333 мл, сутегі асқын тотығы (3%) - 417 мл, глицерин (98%) - 145 мл, қалғаны тазартылған су.

2 нұсқа. 10 литрге есептегенде: изопропил спирті (99,8%) - 7515 мл, сутегі асқын тотығы (3%) - 417 мл, глицерин (98%) - 145 мл, қалғаны тазартылған су.

Араластырған соң, бірден арнайы ыдысқа құйып, қолданар алдында 72 сағат күткен дұрыс. Бұл микробға организмдердің споралық формаларын жоюға мүмкіндік береді.

Бір реттік медициналық маскаларды пайдалану және жою ережелері

1. Масканы қолданар алдында қолыңызды жақсылап жуыңыз.

2. Масканы бүтіндігіне көз жеткізіңіз.

3. Маска мұрныңыз бен аузыңызды мықтап жауып тұру керек

4. Масканы шешкенде немесе түзеткенде, оның ілгіш белбеуше-

лерінен ғана ұстаңыз

5. Бір рет қолданылатын масканы 1 сағаттан артық киюге болмайды

6. Масканы жабық қоқыс жәшігіне / контейнерге тастаңыз

7. Қоқысқа тастағаннан кейін қолыңызды жақсылап жуыңыз.

Правила использования и утилиза-ции одноразовых масок

1. Тщательно вымойте руки перед использованием маски

2. Убедитесь что маска целая и не повреждена

3. Надевая маску, убедитесь что она плотно прикрывает нос и рот

4. Снимая или поправляя маску, касайтесь исключительно ее тесемкой

5. Не носите одноразовую маску больше 1 часа

6. Утилизируйте маску в закрытый мусорный бак/контейнер

7. После утилизации, обязательно тщательно вымойте руки

Иіс пен дем сезбеу: қашан қалпына келеді?

Дем мен иіс сезбеу–коронавирустың басты белгілерінің бірі. Әлсіздік пен қалтырау COVID-19-дың жиі кездесетін белгілері болса да, олар басқа жұқпалы ауруларда да болуы мүмкін. Ал иіс пен дәмнің жоғалуы - бұл тек COVID-19 тән симптом.

Коронавирус адамның миына мұрынның иіс сезу рецепторлары арқылы еніп, сол арқылы орталық жүйке жүйесіне жететінін ғылыми тұрғыдан анықтаған.

Ғалымдардың айтуынша, корона-

ОНЛАЙН СЕМИНАРДЫҢ МАҚСАТЫ - АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІН ҚОЛДАУ

ОБЛЫСТЫҚ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ АГРАРЛЫҚ ОДАҒЫ» ҚБ ТӨРАЙЫМЫ, ОБЛЫС ӘКІМІ ЖАНЫНДАҒЫ АТАЛҒАН КОМИССИЯ МҮШЕСІ ЕРКІН ЖАНДОЛЛАҚЫЗЫ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ ҚОЛДАУ» ЖӘНЕ G-GLOBAL-ДЫ ДАМУҢА КОАЛИЦИЯ-СЫМЕН БІРЛЕСІП, АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІ АРАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМДЕРІН ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА ӨТКЕН АПТАДА ОНЛАЙН ТҮРІНДЕ БЛИЦ-ТРЕНИНГ ӨТКІЗДІ.

Тренинг ZOOM платформасы арқылы ұйымдастырылып, оған елуге жуық аудандық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, кәсіпкер, көп балалы, жұмыссыз өзін-өзі қамтушы ауыл әйелдері қатысты. Ұйымдастырушылар тарапынан «Со-са-Cola белестері» әлеуметтік жобасы туралы мағлұмат беріліп, «Еңбек»

нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында берілетін несиелер туралы таныстырылды. Жоба аясында өңірлік тренингтер, республикалық конкурстар өткізіліп, оған қатысып, жеңімпаз атанған ауыл әйелдеріне үздік бизнес- идеялары үшін 4 мың АҚШ доллар көлемінде грант берілді.

ҚҰС ТҰМАУЫ

ҚҰС ТҰМАУЫ – ЖИІ ЖАҒДАЙДА ВИРУС-ТЫҢ H5N1 ШТАММЫМЕН ҚОЗДЫРЫЛЫП, ҚҰСТАРДЫ ЗАҚЫМДАЙТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. ҚҰС ТҰМАУЫ ВИРУСТАРЫНЫҢ ТАБИҒИ КӨЗІ СУДА ЖҮЗЕТІН ЖЫЛ ҚҰСТАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҮЙ ҚҰСТАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ТАУЫҚТАР МЕН КҮРКЕТАУЫҚТАР ҚҰС ТҰМАУЫНА ШАЛДЫҒУҒА ЕРЕКШЕ СЕЗІМТАЛ ЖӘНЕ БҮЛ ЖИІ ЖАҒДАЙДА ҚҰСТАРДЫ ЖАЛПАЙ ҚЫРАТЫН ІНДЕТ ДАМУЫНА ӘКЕЛІП СОҒАДЫ. ҚҰС ТҰМАУЫНЫҢ ВИРУСТАРЫ АДАМДАРДЫ ДА ЗАҚЫМДАП, АУРУЛАРҒА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.



Құс тұмауының адамдардағы белгілері әдеттегі тұмау дерті белгілеріне өте ұқсас (өте жоғары дене қызуы, тыныс алудың қиындығы, жөтел, тамақтың, бұлшық еттердің ауыруы, конъюнктивит, жалпы улану көріністерімен ерекшеленеді). Өкпені, жүректі және бауырды зақымдау түріндегі күрделі асқынулар өте қауіпті, бұлар өлімге әкелуі мүмкін. Құс тұмауын жұқтырудың алдын алу

• Ұшып келген құстар суда жүзетін жабайы құс түрлерін үй құстарымен қарым-қатынаста болуына жол бермеу;

• Құс фермаларын және құстардың басқа мекендерін мұқият зарарсыздандыру;

• Ел ішінде, елдер арасында тірі құсты тасымалдауды шектеу; • Тамаққа қолданар алдында құс етін мұқият ыстап, өңдеу; • Жеке бас және қоғамдық гигиенаны сақтау;

Ресей Федерациясы Челябин облысы Увель ауданындағы Пес-чаное және Табынша көлдерінде өлген жабайы

үйрекпен үй қаздарынан құс тұмауының H5N8 түрлері анықталып, Қазақстан Республикасының аумағына РФ Челябин облысынан тірі құстарды, инкубациялық жұмыртқаны, мамықты және қауырсынды, құс етін және жұлмымен өңдеуден өтпеген құс өнімдерінің барлық түрлерін, құстарға арналған жемшөп пен жемшөп қоспаларын, таксидермиялық өңдеуден өтпеген аңшылық олжаларын, сондай-ақ құстарды ұстауға, союға және бөлуге арналған пайдаланылған жабдықтарды өкелуге және транзитіне уақытша шектеулер енгізілді. Күзде жабайы құстардың жылы жаққа қоныс аударған кезде Қазақстан аумағымен ұшуына байланысты бұл ауру біздің аймақта да орын алуы мүмкін. Сол себепті ауданымыздың тұрғындары, балықшы және аңшылар және табиғатты қорғау инспекторларымен егерлер өзен-көлдерде, елді мекендерде, өлген құстарды байқаған жағдайда шұғыл түрде Ойыл аудандық аумақ-тық инспекциясына хабарлаулары-ңызды сұраймыз!

ҚР АШМ ВБЖҚ комитеті Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ



Қазіргі таңда от жағу маусымына байланысты ауданымызда өрт қауіпсіздігі айлығы жүргізіліп жатыр. Айлық от жағу маусымының аяғына дейін жүргізіледі. Айлық кезінде тұрғындардан төмендегідей қарапайым ережелердің сақталуы сұралады.

• желдеткіш тұрбаларын орнату; • пеште кептіруге және жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол бермеу;

• пештердің есіктері ақаусыз және құрылымдардан өртке қарсы бөліктері (шегіністері) болуы тиіс;

• жарықтары, саңылаулары бар, ақаулы пештерде от жақпау;

• пеш алдына 500х700 мм темір қаңылтыр қағу;

• мұржаны күйден жылыту кезеңі басталар және одан өрі 3 айда 1 рет тазарту;

• бензинмен, керосинмен және басқада тез тұтанатын сұйықтықтармен жағу болмайды;

• пештің қызып кетуіне жол бермеңіз;

• пештің есігін жауып қойып жағыңыз;

• жанғып тұрған пешті қараусыз және балалардың қарауына қалдырмаңыз;

• ұйықтамас бұрын пештегі оттың жанып біткеніне көз жеткізіңіз;

• ауданы кемінде 0,5х0,7 м болатын жанбаған және ақауы жоқ пештің алдына (ағаш немесе өзге де жанғыш заттан жасалған едендерге) төселетін қаңылтыры болуы қажет;

• шатырдағы түтін жолдары өтетін түтін құбырлары мен қабырғаларын өктеу қажет;

• пештен шыққан күл мен қоқысқа су құйылып, арнайы қауіпсіз жерлерге төгілуі тиіс;

Өкінішке орай осы жоғарыда айтылған ережелерді сақтамау салдарынан, айта кетсек тұрғындардың күл-қоқыс-тарды жанғыш заттардың қасына жарты төккендіктен өрт оқиғалары орын алуда.

Сонымен қатар улы газбен уланудың алдын-алу мақсатында ердайым келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажет:

• түтіндік және сорғыш құбырларының жұмыс жағдайын және олардың бітелмеуін тексеріңіздер;

• жыл сайын майлы және газды тұрмыс құралдарын, тас және ағаш пештерін тексеру үшін арнайы өзірлік-тен өткен шеберлерді шақырыңыз-дар;

• әрбір үйде улы газдың шығып кетуін анықтайтын батарея есебінен жұмыс жасайтын белгілік құрылғысы болу қажет, өтсе де ол басқа сақтық шараларын алмастыра алмайды.

Біз жоғарыда от жағу маусымы кезіндегі қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар көрмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің тұрғындары және жергілікті қоғамдастық мүшелерімен өткізілген жиналысысының хаттамасы

№7 Қаратал ауылы	
25 маусым 2020 жыл	уақыты: сағ: 15-00
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ ғимараты.	
Қатысқандар:	
А.Ж.Избасов – Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі.	
Г.Нурбалиева - «Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ жетекші маманы	
Жергілікті қоғамдастық мүшелері – 17 адам, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің тұрғындары – 37 адам, барлығы –54 адам.	
Төрағалық етуші: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың мүшесі – Досқұлов Уәлихан Аронович.	
Хатшы: жергілікті қауымдастықтың мүшесі: - Нурбалиева Гульнур Сандығалиевна.	
Күн тәртібінде:	
Ш. Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қаратал, Қарасу және Құмжарған ауылындағы атауы қайталанған көшелердің атауын өзгерту туралы.	
Жиналыс төрағасы У.Досқұлов жиналысты ашық деп жариялап, сөзді Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі А.Ж. Избасовқа берді.	
Ш. Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі А.Ж.Избасов қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, Қаратал ауылындағы Астана, Қ.Ержанов, Қарасу ауылындағы Ш. Берсиев, Бейбітшілік көшелерінің атауын және Құмжарған ауылындағы Ш. Берсиев, Республика көшелерінің атауларын өзгерту қажеттігін айтты.Соған байланысты аталмыш көшелерге атау беру қажеттілігі айтылып, жиналысқа қатысып отырғандардың назарына жаңа атаулар тізімі ұсынылды (қоса берілді).	
Келесі сөз кезегін алғандар көше атауларын қолдайтындарын білдірді. Бұл ұсынысты жиналысқа қатысушылар қолдап, бірауыздан дауыс берді.	
1. Қаратал ауылындағы Астана, Қ.Ержанов көшелерінің атауын өзгертіп, Қаратал ауылындағы көшелерге жаңа атау берілсін.	
2. Қарасу ауылындағы Ш.Берсиев және Бейбітшілік көшелерінің атауын өзгертіп, жаңа атау берілсін;	
3. Құмжараған ауылындағы Ш.Берсиев және Республика көшелерін өзгертіп, жаңа атау берілсін.	
4. Ұсынылған көше атаулары облыстық ономастикалық комиссияға ұсынылсын.	
Жиналыс төрағасы:	У.Досқұлов
Хатшы:	Г.Нурбалиева

ҚАРАТАЛ АУЫЛЫ БОЙЫНША ӨЗГЕРТІЛГЕН ЖАҢА КӨШЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ			
№	Көшелердің көне атауы	Ұсынылатын атаулар	Орналасқан жері
1	Астана	Абай	С.Қаратал
2	Қ.Ержанов	Әбілхайыр хан	С.Қаратал

ҚАРАСУ АУЫЛЫ БОЙЫНША ӨЗГЕРТІЛГЕН ЖАҢА КӨШЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ			
№	Көшелердің көне атауы	Ұсынылатын атаулар	Орналасқан жері
1	Ш.Берсиев	Ахмет Жұбанов	С.Қарасу
2	Бейбітшілік	Бауыржан Момышұлы	С.Қарасу

ҚҰМЖАРҒАН АУЫЛЫ БОЙЫНША ӨЗГЕРТІЛГЕН ЖАҢА КӨШЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ			
№	Көшелердің көне атауы	Ұсынылатын атаулар	Орналасқан жері
1	Ш.Берсиев	Ахмет Жұбанов	С.Қарасу
2	Республика	Бекет ата	С.Құмжарған

«KUSTOHELP» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ КОРОНАВИРУСТАН ҚАЙТЫС БОЛҒАН МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ОТБАСЫЛАРЫНА 1 МЛН. ТЕҢГЕДЕН АУДАРДЫ

Тамыз айының басында Аружан Саяннің көмегімен Денсаулық сақтау министрлігімен берілген КВИ мен пневмониядан қайтыс болған Қазақстанның медицина қызметкерлерінің саны туралы нақты мәліметтер белгілі болды – 174 адам. Оның ішінде: қызмет борышы бойынша пандемиямен күреске бірінші болып тұрып, өзіне негізгі соққы алған 98 дәрігер, 40 орта буын медицина қызметкері, 14 санитар, 8 арнайы көлік жүргізушісі, фельдшерлер, зертханашылар және басқа да мамандар. Өкінішке орай, олар бұл күресте өр адамның ең қымбат нәрсесін - өз өмірлерін берді. Олар коронавируспен соғыста қаза тапқан біздің еліміздің нағыз батырлары.

Кез-келген соғыстағы сияқты, біздің парызымыз- қаза болған батырларды есте сақтау және құрметтеу, сонымен бірге асыраушының жоғалуына байланысты онсыз да онша емес материалдық жағдайы одан сайын зардап шеккен олардың отбасылары туралы ұмытпау керек.

«KustoHelp» қайырымдылық қоры қайтыс болғандардың отбасыларына

қаржылық көмек түрінде материалдық көмек бөлуге шешім қабылдады. Қор қызметкерлері қайтыс болғандардың туыстарымен байланысып, көмек қабылдауға келіскен 141 отбасын анықтады. 2020 жылғы 10-14 тамыз аралығында «KustoHelp» қайырымдылық қоры медицина қызметкерлерінің әрбір отбасына 1 млн.теңгеден аударды – барлығы 141 млн. теңге. Қамтылмаған отбасылар бойынша жұмыс жалғасуда, өйткені нақты емес байланыс деректері бар немесе туыстары байланысқа шықпайды.

Біз бизнес-қоғамдастықты және Қазақстанның бей-жай қарамайтын азаматтарын қаза тапқан дәрігерлердің отбасыларын қолдауға шақырамыз. Біз медицина қызметкерлерінің отбасылары осыны бағалай-тынына және олардың қаза тапқан туыстары мен жақындары туралы еліміздің адамдары тек сөзбен ғана емес, іспен алғыс айтқанын сезіне-тініне сенімдіміз. Қайтыс болған дәрі-герлер олардың отбасыларына жа-қында өздері бізге қамқорлық жаса-ғандай қамқорлық көрсеткенімізді көрсө бақытты болар еді.

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНЫЙ ФОНД «KUSTOHELP» ПЕРЕЧИСЛИЛ ПО 1 МЛН. ТЕНГЕ СЕМЬЯМ МЕДИКОВ, ПОГИБШИХ ОТ КОРОНАВИРУСА

В начале августа стали известны точные данные, предоставленные Министерством здравоохранения при содействии Аружан Саян, о коли-честве медицинских работников Казахстана, погибших от КВИ и пневмоний – 174 человека. Из них: 98 врачей, 40 медработников среднего звена, 14 санитарок, 8 водителей спецтранспорта, фельдшеры, лаборанты и другие специалисты, по до-бру и по призванию первыми вставшие на борьбу с пандемией и принявшие на себя основной удар. К сожалению, они отдали этой борьбе самое дорогое, что имеет каждый человек – свои жизни. Это настоящие герои нашей страны, павшие на войне с коронавирусом.

Как и на любой войне, наш долг помнить и чтить своих павших героев и при этом не забывать о живых – их семьях, чье и без того не самое благополучное материальное поло-жение серьезно пострадало в связи с потерей кормильцев.

Благотворительный фонд «Kusto-

Help» принял решение выделить материальную помощь семьям погиб-ших в виде финансовой помощи. Сотрудниками фонда связаны с родственниками погибших выявили 141 семью, которые согласились принять помощь. В период с 10 по 14 августа 2020 года благотворительным фон-дом «KustoHelp» было перечислено 1 млн. тенге каждой семье медицин-ской работницы – итого 141 млн. тенге. Работа по неохваченным семьям продолжается, так как имеются неотложные контактные данные или родственники не выходят на связь.

Мы призываем бизнес-сообщество и просто неравнодушных граждан Казахстана также поддержать семьи погибших медиков. Мы уверены, семьи это оценят и почувствуют, что об их ушедших родных и близких люди нашей страны помнят и благодарны им не только на словах. Мы верим, ушедшим медикам было бы приятно осознавать, что об их семьях поза-ботятся так же, как совсем недавно они сами заботились о нас.

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ АРЫЗ – ШАҒЫМҒА ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТІЗІМІ

Ойыл ауданы					
1.	Аудан өкімінің аппараты	Акбанова Ботакоз Куатовна	Жетекші маман	8/71332/2-12-23 87058234509 b.akbanova@aktobe.gov.kz	8/71332/ 21-2-23
2.	Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	Темирова Жұлдызай Сағындыққызы	Бас маман	8(71332)21920 8-775-586-47-57	8/71331/ 21-8-79
3.	Жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Ермағамбетова Гульнар Жумабековна	Бас маман	8 (71332)2-19-45 8-705-323-76-01 g.ermaganbetova@aktobe.gov.kz	8 /71332/ 21-9-42
4.	Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	Жеткергенқызы Гүлзат	Бас маман	8(71332)-73229 87029133086 g.zhetkergenkyzy@aktobe.gov.kz	8/71332/ 73-2-29
5.	Ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі	Кереева Ақсаулет Өмірбекқызы	Жетекші маман	8 (71332)2-15-51 8-775-686-16-84 a.kereeva@aktobe.gov.kz	8/71332/ 21-7-27
6.	Қаржы бөлімі	Серікбай Шағырбайұлы	Бас маман	8(71332)2-10-22 87718075439 s.shabikov@aktobe.gov.kz	8/71332/ 21-0-70
7.	Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	Нугыманов Серик Жардемович	Бас маман	8 (71332)2-11-54 8-702-685-41-36 s.nugymanov@aktobe.gov.kz	8/71332/ 21-1-54
8.	Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	Аман Дастан Нұрланұлы	Бас маман	8(71332)21974 87782699766 d.aman@aktobe.gov.kz	8/71332/ 21-2-00
9.	Жер қатынастары бөлімі	Нұрмұханов Наурызбай Сәкенұлы	Бас маман	8-708-709-91-95 8 (71332)2-18-80 na.nurmuhanov@aktobe.gov.kz	8/71332/ 21-8-80
10.	Сәулет,қала құрлысы және құрылыс бөлімі	Исмағұлов Азамат Серикович	Бас маман	8/71332/21204 8747/1767988 Arhstroi_uil@mail.ru	8/71332/ 21-1-52

17 ТАМЫЗ - ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР РАБИҒА СЫЗДЫҚ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КҮН

ҒАЛЫМ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУЫНА БАР ҒҰМЫРЫН АРНАП, «АНА ТІЛІНІҢ АБЫЗ-АНАСЫ» АТАНДЫ. Ғ.МҮСІРЕПОВ АЙТҚАНДАЙ, Р.СЫЗДЫҚТЫҢ ЕКІ ТІЛДЕ ЖЕТІК БІЛУІ ӨРІПТЕСТЕРІНЕ ДЕ, ЖАСТАРҒА ДА ҮЛГІ-ӨНЕГЕ БОЛА АЛДЫ. М.ӘУЕЗОВ «ӨЛ БІР ӨТЕ АҚЫЛДЫ, МӘДЕНИЕТТІ ЖАС» ДЕГЕН БАҒА БЕРСЕ, Қ.АМАНЖОЛОВ «КӨП ТУСА ҚАЗАҚ ДӨЛ СІЗДЕЙ ҚЫЗДЫ...» ДЕП ӨЛЕҢ АРНАҒАН.



«Адырна» ұлттық порталы біртуар тұлғаның қанатты сөздерін назар-ларыңызға ұсынады. - Ғылымда азды-көпті жұмыс істедім. Соның беріне жетелеп өкпеген намыс. - Ең әуелі әйел болыңдар. Қонағың күтулі, асың пісулі болсын. Еріңнің жағасы кір боп жүрмесін. Баланы жақсылап тәрбиеле. Тәркінің мен қайын жұртыңды табыстырып отыр. Осылардың берінен уақыт артылып жатса ғана одан кейін ғалым боласың ба, залым боласың ба, өзін біл. - Мектеп табалдырығын аттаған бала ана тілінде ғана сөйлеуі керек. Бала бастауышта орыс тілінде де емес, ағылшын тілінде де емес, тек

жақсылап тәрбиеле. Тәркінің мен қайын жұртыңды табыстырып отыр. Осылардың берінен уақыт артылып жатса ғана одан кейін ғалым боласың ба, залым боласың ба, өзін біл. - Мектеп табалдырығын аттаған бала ана тілінде ғана сөйлеуі керек. Бала бастауышта орыс тілінде де емес, ағылшын тілінде де емес, тек

қана ана тілінде оқуы керек. Үш тілді бірден оқытқанда баланың ана тілі болмайды. Ана тілі болмаған адамнан ешқандай ақын да, жазушы да, суретші де шықпайды. Ғалым шығар, маман шығар, тіпті атақты адам да шығар. Бірақ онда ешқандай мәдени азық болмайды.

- Ресми дәреже алу ғалымдықтың нағыз белгісі деп айта алмаймын. - Тіл ұстартуға тек қазақ тілі мұғалімі емес, барлық қоғам мүшелері, отбасы, басқа пән мұғалімдері жұмылдырылуы тиіс.

- Жаңалық ашамын, зерттеймін деген адамға ғылым айна. Сенің жазған еңбегіңді басқа біреу де жазуы мүмкін. Бірақ халыққа қажеттілігіне, құндылығына қарай уақыт өте өзі ақ сараланады.

- Оқытушылық деген дүниедегі ең жақсы мамандық. Өрине, қиын. Төлейтіні аз. Соғанқарамастан, ең жақсы мамандық қой. Бұндай жұмысты дұрыс ұйымдастыру, оңай шаруа емес. 95 жыл өмір сүріп, нені білдің дейсіздер ғой. Осындайды білдім, ненің оңай, ненің қиын екенін. Мені 95-ке келдіңіз деп қуанып жатырсыздар ғой. Енді 1-2 жылда көтіп қалмауға тырысармын.

Естеріңізге сала кетейік, Рабиға Сыздық таууда ғана 96 жасқа қараған шағында дүниеден озған еді.

Диана АСАН.
«Адырна» ұлттық порталы.

КОРОНАВИРУСТАН ҚОРҒАНУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ ҚАНДАЙ?

Бүгінде әлемді жайлаған корона-вирустан қорғандың өртүрлі едістері айтылып жүр. Олардың қатарында: маска кию, қолды мұқият жуу, имуни-тетті көтеру мақсатында витамин-дерді көп тұтыну, спортпен шұғылдану және тағы басқалары. Әлемде қатерлі вирустан қорғандудың қандай тиімді тәсілдері бар деген оймен төменде мамандар кеңесін түзіп отырмыз.

Мәселен, Санкт-Петербургтің медициналық профилактика орталы-ғы гигиена музейінің дерігері Елена Живчикова көпшілікке танымал қорға-ну едістерімен қатар, жиі бетті жууға, көшеге шыққанда тағатын мойын-орағышты жиі жуып, үтіктеуге, қоғам-дық көліктерде тұтқаны ұстамау үшін жуқа қолғап киюге кеңес береді. Сондай-ақ дерігер медициналық мас-каларға қатысты сыни көзқарасын білдірді. «Бұл мүмкін болған қорғану едістерінің бірі, бірақ ұзақ уақытқа емес. Оларды үнемі ауыстырып тұру керек», – дейді маман. Бұдан бөлек, ол жүрекке шамадан тыс жүктеме салмау керектігін жеткізді. Атап айтқанда, өзірше жұмыстан кейін физикалық жүктемелерді азайту ұсынылды. Дәрігер спорт залдарына баратындарды уақытша, қатерлі вирус бөсендегенше күш-қуатты сақтауға шақырды.

Латексті қолғап – вирустан сақтану-дың тиімді едісі

Ал Мәскеу мемлекеттік медицина университеті стоматология инсти-тутының директоры Ирина Макеева-ның пікірінше, коронавирустан сақта-нудың тиімді едісі – латексті қолғап. Маманның айтуынша, қолына қолғап киген адам өз бетін қолымен ұстай бермейді, бұл инфекцияны жұқтыру қаупін төмендетеді. «Мәселен, ауруды тасушы адам есікті ұстауы мүмкін. Сау адам сол есікті ұстап, содан соң мұрын немесе көзін қасыса вирус



оның ағзасына түседі. Мұндай қауіптің бетін қайтару үшін қоғамдық орын-дарда латексті қолғап киюге кеңес беремін», – дейді ол.

Зергерлік бұйымдарды тазалап тұру қажет. Бұдан бөлек, австра-лиялық медбике коронавирустан қорғану үшін күнделікті зергерлік бұйымдарды тазалап тұруға кеңес береді. Медицина қызметкері өлеу-меттік желіде микробтардың қандай заттар арқылы таралуы мүмкін екенін жазған. Бұл тізімге зергерлік бұйым-дар мен сәмкелер кірген. Медбикенің айтуынша, ол өзінің неке жүзігін тағар кезде оны антисептикалық немесе спирттік майлықтармен дезинфек-циялайды. Сондай-ақ ол даладан келгенде сәмкесі мен заттарын төсек-ке қоймайтынын атап өтті. «Жақсылап душқа түсіп алмай, төсекке жатпай-мын», – дейді маман.

Ал, коронавирустан қорғандудың ең тұра тәсілі – имунитетті нығайту. Ол үшін ең бастысы – дұрыс тамақтану керек. Ағзаның имунитеті 30-40 пайыз ақуыздан және 50 пайыз жеміс-жидек пен көкөністен тұрады. Сондық-тан ет өнімдерін көбірек тұтыну керек. Сонымен қатар, сұйықтықты көп ішкен абзал. Күніне 3-5 литрге дейін су,

компот және морс ішуге болады. С витамині өте қажет ағзаға, ол алмада, лимонда, қарақатта мол болады. Көтеріңкі көңіл-күй де ауырып қал-мауға көп септігін тигізеді. Күйзеліске түспеген дұрыс. Ешқашан байбалам салмай, уайымдамай, барыша сабыр сақтап, жақсылықтан үміт ету керек, өйткені имундық жүйе осыған тікелей байланысты.

Кеңседе және үйде жұмыс істей-тіндер бөлмені жиі желдетіп, сүртіп, тазалап отырғаны жөн. Маска киіп, гигиенаны сақтауды ұмытпаңыз. Сонымен қатар, көпшілікті өз бетінші-зе емделмей, әуелі емханадағы учаскелік дәрігермен немесе жедел жәрдемге хабарласып, сондағы мамандармен ақылдасуға шақыра-мын. Басыңыз ауырып, құрғақ жөтел, енгіту пайда болса, дене қызуы көтеріліп, иіс сезуден айырылсаңыз, өлсіздік пен тершендік сезінсеңіз, бірден мамандармен кеңесіп, ем-дом алғаныңыз жөн.

Дарын ТАНКИЕВ,
Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің басшысының міндетін атқарушысы,
Ардақ АТЫРАУБАЕВ, зоолог.

ЖЫЛДА АРНАСЫНА ЖЕТІП ТАСИТЫН ОЙЫЛ ӨЗЕНІНЕ ҚАРАП ҚҰТ ҚҰЙҒАНДАЙ ҚУАНАТЫНЫЗ. БІРАҚ БИЫЛ ОЙЫЛДЫҚТАР ОНДАЙ ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛЕ АЛМАДЫ. КЕРІСІНШЕ ӨЗЕН СУЛАРЫ ТАРТЫЛЫП, ҮЗІЛІП ҚАЛДЫ. БІРАҚ КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТІМІЗДІ ҮЗГЕН ЖОҚПЫЗ.

Өзен-көлдердің киесі мен құт-берекесін бұрыннан білетін жерлес-теріміз өзен жағалауларын таза ұстау керектігін ұмытқан емес. Алайда табиғатқа жаны ашымайтын кейбір жандардың күйтұрқы өдеті де жоқ емес. Көбіне өзен-көлдердің маңайын төңіректейтіндер тек тынығып қана қоймай демалыс мекендерін ластан кетеді. Осы орайда Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 12 тамыз - Халық-аралық жастар күніне орай «Таза жағалау» акциясын өткізді. Қоршаған ортаны қорғау мақсатында ұйымдас-тырылған шараға аудан еріктілері белсенді түрде қатынасып, өзен жағалауын тазалауға ұйымшыл-дықпен атсалысты.

«ТАЗА ЖАҒАЛАУ» акциясына қатысты



ОЙЫЛДАН ҰШҚАН ҚЫРАН ЕДІ...



**Ойыпқан қшқан қыран еді...
«Өз елі өз ерлерін ескермесе,
Еп тегі апсын қайқан кеменгергі...»
Iпияс Жансәйіров**

Аспанымызды қара бұлт торлап, найзағай ойнағалы үш айдың жүзі болды. Жалт-жұлт өткен жасын қашан, қалай, кімге түсері белгісіз. Адамдар үрейден тас қорғанға тығылғандай төрт қабырғаға қамалуда. Ең қиыны, жанына жақын тұтатын жақсы адамдарыңның мына жалған дүниедегі дәм-тұзы таусылып, қайтпас сапарға аттанғандығын біле тұра, ол кісілердің артында анырап қалған сүйген жарына, бала-шағасына, жақын-жуық ағайын-туамасына көзбе-көз отырып, көңіл айта алмаудан асқан сорақылық бар ма екен!? Соңғы сәтте жерлеуіне қатысып, бір уыс топырақ сала алмағаныңның өкініші көңіліңнен өшер ме?

Шынын айтсақ, телефон тұтқасын көтеруден де қаймығатын болдық. Сумадаған суық хабар жүрегімізге шаншудай қадалатын болды. Күні кеше ғана алшаңдап арамызда жүрген алаш жұртының арыс тұлғалы бір топ

азаматтарынан көз жазып қалдық. Сондай асыл ұлдарымыздың бірі Нұршин Қабидолла Аманбайұлы еді. Өткен өмірінде жақсылыққа толы игі ісі сайрап жатқан ұлағатты ұстаздың өмір жолына шолу жасасақ артық болмас...

Қабидолла (Қалеш) 1948 жылы бесінші сәуірде Ақтөбе облысы Ойыл ауданында дүниеге келген. Өз қатарлары сияқты 1955 жылы өліппе ұстап, 1966 жылы Ойыл селосындағы Н.К.Крупская атындағы орта мектепті жақсы бітіріп шықты. Сол жылы Одақ бойынша 11 және 10 кластар қатар бітіріп, жоғары оқу орнына конкурс өте қатты болды. Соған қарамастан талапты жас Ташкент қаласындағы дене шынықтыру институтына түсіп, 1971 жылы бітіріп шықты. Студент бола жүріп, 1968 жылы Ташкент қаласындағы музыка мектебіне дене тәрбиесінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Мектеп - өзбек мектебі. Сабақ өзбек тілінде өтуі тиіс. Бұған дейін Ойылда тірі өзбек көрмеген Қабидолла өзінің қабілетінің арқасында «өз ағасының» тілін тез меңгерді.

Диплом қолға тиісімен туған жерге келіп, аудан орталығындағы спорт мектебіне еркін күрестен жаттықтырушы болып орналасты. 1972 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, бір жылдың ішінде классикалық күрестен «Спорт шебері» деген абыроймен оралды. 1978-1988 жылдар аралығында Алматы облысы және Алматы қаласында дене шынықтыру пөнінің мұғалімі болды. Жетілді. Тәжірибелі педагоғқа айналды.

1986 жыл. Әйгілі «Желтоқсан» оқиғасы Алматы қаласындағы теміржол қазақ орта мектебіндегі ұстаз Нұршинді де айналып өтпеді. «Ертеңгілік жұмысқа келсем, - деп еске алады Қабекең, -9,10 сынып оқушылары сабақты тастап, орталық алаңға кетіпті. Мектеп директоры алаңнан оқушыларды тауып, қайтаруды тапсырды Орталық алаңнан оқушыларымызды іздеп табуымыз оңай болған жоқ. Өзіміз де аласапыранның ішінде қалдық. Оқушыларымыз үш күн бойы алаңға кетіп, оқуды жайына қалдырды. Сол оқиғадан кейін мектепте береке кетті. Қылышынан қан тамған қызыл «патриоттар» тексеруге құлшына кірісті. Мектеп директоры жұмысынан босатылды. Оқушылармен дұрыс тәрбие жұмысын жүргізбегені үшін Қабидоллаға да қатаң сөгіс береді. Екі жылға жуықталған көзтүрткілік жанды жегідей жеп, алып қалаға сыйғызбады. Ақыры, елге оралуды шешті. 1988 жылдан бастап Ақтөбе қаласындағы №32 және №24 мектеп-гимназияларында дене тәрбиесінен дәріс берді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін осы мектептерде ұлттық ойын –тоғызқұмалақты бастады. Бұл ойынның адам санасын дамытудағы, ойлау қабілетін арттырудағы рөлін оқушылармен қатар мұғалімдерге де насихаттаудан шаршамады. Мұғалімдер арасында да тоғызқұмалақтан жарыстар өткізді. 1990 жылы Талдықорған қаласында ең бірінші «Өркен» деп аталатын Республикалық біріншілік өтіп, Қабидолла бастап барған «Ақтөбе» командасы екінші орын алды. Осы жеңіс оған серпіліс беріп, жігерлендірді. Қаладағы денешынықтыру пөні мұғалімдеріне тоғызқұмалақ үйретіп, солар арқылы ұлттық ойынымыздың ауқымын кеңейтті.

2002 жылы зияткерлік ойын түрлерінен Облыстық балалар және жасөспірімдер спорт мектебі ашылып, Қабекең тоғызқұмалақтан аға жаттықтырушы болып тағайындалды. Содан өмірінің соңына дейін осы мектепте еңбек етіп, құрметке бөленіп «Тоғызқұмалақтың атасы» атанды.

Осы жылдар ішінде ақ тарының атасы атанған, әлемдік рекорд иесі Шығанақ Берсиев атындағы Республикалық дәрежедегі турнирді ұйымдастырып, оны дестүрге айналдырып, он жеті рет өткізді. Бұл – ұлтжанды азаматтың кейінгі жастарға Шығанақтауандағы қосқан үлкен үлесі.

2006 жылы Республикалық жеке біріншілікте жастайынан жаттықтырған шөкірті Гүлзат Бақтарбаева топ жарып, Ақтөбе облысындағы тұңғыш спорт шебері атанды. Қабекеңнің шөкіртігі Республика көлемінде ғана емес әлем біріншіліктерінде де топ жарып жүрді. Атап айтқанда, Нұрбек Қабиев, Медет Құсайынов, Азамат Қайдаров, Диана Кенина халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері. Аталған алыптармен қатар спорт шебері Алмагүл Такишевалар ұстаз жолын қуып, аға жаттықтырушы болып жүр. Бұлар да өз спорт шеберлерін шығаруда.

Ұстаз еңбегі елбеней қалған жоқ. 2005 жылы тоғызқұмалақтан «Қазақстан Республикасы жоғарғы дәрежедегі ұлттық төреші» атағы берілді. 2013 жылы ҚР спорт Министрлігі атынан «Құрметті спорт қызметкері» төс белгісеге ие болды. 2016 жылы Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында «Желтоқсанның 30 жылдығы» естелік төсбелгісімен марапатталды.

2017 жылы тоғызқұмалақ ойыны жөнінен Ақтөбе «Ең мықты аймақ» болып танылып, ал Қабидоллаға «Жылдың үздік жаттықтырушысы» деген атақ берілді.

Жыл сайын еліміздің әр өңірінде ұйымдастырылатын Республикалық дәстүрлі дода 2018 жылы Ақтөбеде ҚР білім беру ісінің үздігі, спорт қайраткері, спорт шебері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ұлттық ойынның осы түрінен халықаралық төреші Нұршин Қабидолланың 70 жасқа толуына арналып өткізілді. Бұл спорттық біріншілікке еліміздің түпкір-түпкірінен, оның ішінде Астана, Алматы,Шымкент қалаларынан, Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Ақтөбе облыстарынан барлығы 70-тен астам ардагерлер келді.

Еліміздің тоғызқұмалақтан Мемлекеттік жаттықтырушысы Дастан Қапаев мерейтой иесіне Мәдениет және спорт Министрлігі атынан алғыс хат тапсырды. Осындай құрмет тоғызқұмалақ Федерациясы атынан да көрсетілді.

- Қазақстанның тоғызқұмалақтан құрама командасының жарты ойыншысы осы мерейтой иесінің шөкірттерінен тұрады, - деді бас жаттықтырушы Дастан Қапаев.

- Өлі есімде, 1990 жылы өткен Республика біріншілігінде Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Алматы мен Ақтөбе облыстарынан санаулы ғана ойыншылар қатысқан еді. Ал бүгінгі таңда төрт құрлықтан, әлемнің жырмыра бес мемлекетінен ойыншылар қатысады. Бұл осындай ардагерлеріміздің арқасы екенін ұмытпауымыз керек.

Салтанатты шарада өзіне көрсетілген құрмет үшін алғыс сезімін білдірген Қабидолла: – Қазір тоғызқұмалақ мектебінде алты жаттықтырушы, 150-дің үстінде оқушы бар. Ұлттық ойынымыз әлемдік спорт деңгейіне шықты. Соның беріне де қатысып, шөкірттерім әлем чемпионы, жүлдегер атанды.

Тоғызқұмалақтан ерлер және әйелдер арасында өткен Республикалық чемпионат бес күнге созылды. Айта кету керек, сол салтанатты шара барысында дәстүрлі өндердің орындаушысы Арайлым Мырзабекова Ойылдың елі мен жеріне, өсем табиғатына қатысты өндерін шырқады.

Бұл – мерейтой иесі Қабидолла Нұршиннің Асанқайғының ізі қалған, талай алыптарды ұшырған киелі мекен Ойылдың төл перзенті, Ойылдан түлгенен қыран екенін танытса керек.

Қабекеңнің білімділігі, іскерлігі, кішіпейілділігі, мәдениеттілігі, зор ұйымдастырушылық қабілеттері көпке үлгі-өнеге. Осы қасиеттерінің арқасында Чехия, Түркия, Швейцария, Ресей т.б.елдерге еліміздің спорттық қауымдастығын басқарып барды. Осындай игі істерінің нәтижесінде Қабекеңді «Қоғам Қайраткері» деп атауға толық құқығымыз бар-ау деп ойлаймын. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, қоғам дамуына жұмсаған «Ақтабелік тоғызқұмалақтың атасы» ұлы Бауыржан мен қызы Әселдің жоғарғы білім алып, ұлының уяға ,қызының қияға қонғанын көріп, немере сүйіп, бақытты ата атанып кетті. Соған да шүкіршілік етеміз.

Өрине, бала күнімізден құлын-тайдай тебісіп, бірге өскен, көзі жұмылғанша іргеміз сөгілмеген досымыз, өріптесіміз, сырласымыздың қатарымызды сиретіп кеткені қабырамызды қайыстырады. Бірақ, «Қабекеңнің біліп-білмей істеген күнелары болса кешіре гөр, жаны жәннатта болып, кейінгі үрім-бұтағын желеп-жебей жатқай», - деп жаратқаннан дұға тілеп, құран бағыштағаннан бетен қолдан келер қайран жоқ.

Сынаптай зырыған уақыт қырық күнді жұтып қойыпты. Қабекеңнің мейірімді жүзі, жарқын бейнесі, енегелі ісі оны танитындардың, көз көргендердің, тума-туыс, дос-жарандардың жүрегіне тұра берері сөзсіз.

Қош,бауырым!

Бір топ жолдастары мен достары атынан Қлыбай Бақтарбаев.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1593 дана. Тапсырыс №1021 Көлемі 1 баспа тақып, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

ШАРУАНЫҢ КӨЗІН ТАПҚАН КӘСІПКЕР

ЖУЫРДА ХАЛЫҚТЫ ТАМАҚ ӨНІМДЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН АЛІНАН АЗАҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТТЫ ӨТТІ. ЖАНАДАН АШЫЛҒАН ДҮКЕННІҢ ТҰСАУЫН ЖАС КӘСІПКЕР АЙЗАТ ТАРЫБАЙДЫҢ АНАСЫ ДӨМЕЛІ АПАЙ КЕСТІ. АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ЖИЫЛҒАН КӨПШІЛІК ШАҒЫН КӘСІПТІҢ АЛҒА ӨРЛЕУІНЕ АҚЖАРМА ТІЛЕКТЕРІН БІЛДІРДІ. ДҮКЕНДЕ ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАДА БАРЛЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІ БАР.



Жас кәсіпкер Айзат Тарыбай бастапқыда жылқы малын өсіруге «Еңбек» бағдарламасы бойынша мемлекеттен былтыр несие алып мал шаруашылығын қолға алған. Бүгінде шаруасын дөңгелетіп отырған кәсіпкер түскен қаржыға АЛІНАН дүкенін ашып отыр. Мемлекеттің қолдауымен жүзеге асқан жылқы өсіру кәсібі бүгінде қосымша шағын кәсіптермен жалғасын табаду. Кәсіпкердің анасы

Дөмелі апайдың айтуына қарағанда былтыр несиеге алған малды бағып, оның өнімін сатып түскен қаржыға халық игілігіне арнап дүкен ашқан дұқтарын айтады. «Жалпы еңбек еткен адамға қандай кәсіп болмасын көзін тапсаң, берері мол болады. Біз бағып, баптап отырған жылқылардың өнімдерінен түскен қаржы олардың жем суына жеткілікті. Одан артылғанын өздеріңіз көріп отырғандай

шағын кәсіп ашуға жұмсап отырмыз. Алдағы уақытта да жоспарлар бар», - дейді. «Өрекет ету адамнан, берекеті Құдайдан» - деп халық тегін айтаған. Екі қолға бір күрек таппай жүрген жастарға кәсіпкердің атқарып жатқан

жұмысы қашанда үлгі. Мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар арқылы бөлінген ақшаны алып одан өзі кәсіпті ұршықша иіру кез келгеннің қолынан келе бермейтіні анық. Ал, Айзаттың бір кәсіпті екіншісімен ұштастырып халық игіліне жұмыс жасап жатқандығы қуантады.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЫ

КОРОНАВИРУС ІНДЕТІН ЖҰҚТЫРҒАНДАРДЫ ЕМДЕП, ӨЗ ДЕНСАУЛЫҚТАРЫН ҚАТЕРГЕ ТІККЕН МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН. МІНЕ, ОСЫ ҚАУІПТІ ІНДЕТ БІЗДІҢ АУДАННАН ДА АЙНАЛЫП ӨТПЕДІ.

COVID-19-бен күресте басын қатерге тігіп, қауіпті ортада өз міндетін адал атқарып, күндіз-түні науқастарға ем жүргізген жандардың бірі дерігер фтизиатр, рентгенолог Манат Нұр-анова. 1984 жылы қазіргі М.Құсайын-нов атындағы Ақтөбе дарынды балалар мектеп интернатын алтын белгімен бітіріп, Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына түскен. 1990 жылы аталған оқу орнын ойдағыдай тәмамдаған ол, 1991 жылы Ойылға келін болып келіп, еңбек жолын аудандық ауруханада дерігер фтизиатр болып бастаған. Кейін жұмыс барысында еңбегінің нәтижесінде дерігер инфекционист, одан кейін дерігер фтизиатр рентгенолог болып қызмет атқарып келеді. Өмірінің отыз жылын халық денсаулығына арнаған ақ халатты абзал жанның жеткен жетістіктері жетерлік. Соның бірқатарына тоқтала кетсек, 2010 жылы «Үздік дерігер» атанып, облыс әкімінің «Шапағат» дипломын алды. 2019 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дерігері» атанды.

«Ойыл ауданында коронавирис жұқтырғандар 12 маусымда тіркеле бастады. Ең жоғарғы деңгейге 22 маусымда жетті. Бір күнде филтрьде 50 адамға дейін қабылданып, ауру-

ханаға жағдайы орташа ауырлықта және ауыр жағдайдағы науқастар жатқызылды. Маусым айында 66 адам ауруханада ем алса, 51 адам күндізгі стационарда ем алды. Шілде айында провизорлық ауруханада 61 адам ем алса, күндізгі сатпционарда 61 адам ем алды. Тамыз айында аурудың беті қайтып, саябырсыды. Бұл аурудың өкпе қабынудан ерекшелігі қан тамырларын зақымдауы. Сондықтан алдын алмаса, өліммен аяқталу жоғары. Тамыр тіндері зақымданып, қабынып тромбалар пайда болып, асқынуга өкел соқтырады», - дейді Манат Айсағымқызы.

Сондай-ақ, оның айтуынша науқастардың көбісі ауруды сақтану режимдерін бұзып, той-тойлап, садақаларда, яғни халық көп жиналған жерлерге барып жұқтырған. Ауру өршімей тұрып айтылған қарапайым бетперде тағу, ара қашықтықты сақтау, қолды залалсыздандыру секілді сақтану ережелеріне назар аудармай, немқұрайлы болу індеттің өршуіне өкеліп соқты. Аурудың алғашқы легін ауруханадағы дәрі-дәрмектермен емдеп, қор таусылған кезде дәрі-дәрмекті науқастардың өздері өкеліп, түсінісіпкен қараған барша тұрғындарға алғысы шексіз. Оған қоса, қауіпті індет



жұқтырған науқастарды емдеуде жұмыла атсалысқан емхана қызметкерлеріне, яғни аянбай қызмет еткен ертіпестеріне де ризашылығын жасырмады. Халық денсаулығына алаңдаған ақ халатты аламыздың бар айтары алдағы уақытта аурудың алдын-алу үшін бетперде тағып, ара қашықтықты сақтап, залалсыздандыру құралдары мен пайдалы дәрумендер және дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салтын сақтануға шақырады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҚШЫЛАРЫ БИЫЛ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖЕТІ ЖОБАМЕН ЖҰМЫС ЖСАДЫ



«Жасыл ел» – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауы негізінде 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан кешенді бағдарлама. Аталмыш бағдарлама көптеген жастың Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, елімізді жасыл желекке айналдыру мақсатында жастардың еңбекке ынтыасын, күшқуатын бір арнаға тоғыстыра алды.

Биылғы «Жасыл ел» бағдарламасы Ойыл өңірі бойынша 117 жасты жұмыспен қамтыды. Жастарды жұмысқа алу өр округтегі халық санына тікелей байланысты. Халық көп шоғырланған ауылдарда адам санын арттырып, соған сай қаржы қарастырылған. Үш ай сайын адамдар алмасып отырады. Өйткені «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 117 орынға бөлінген қаражат түгел дерлік ауыл жастарын қамтуға жеткілісіз. Сол себепті шарт бойынша белгіленген айға ғана жұмыс жасап келесі ай жасақ басқа адамдармен толықтырылады. Сонымен қатар қазіргі таңда «Жасыл ел» бағдарламасынан өзге елімізде орын алған пандемияға байланысты Үкіметтен 91 миллион теңге бөлініп, ақылы қоғамдық жұмысқа көмелет жасына толған балалардан бастап зейнет жасына

дейінгі азаматтар жұмыспен қамтылуда. Көмелетке толған мектеп оқушылары, студенттер барлығы дерлік ақылы қоғамдық жұмысқа тартылуда. Көп жағдайда көше тазалығымен айналысып жатқан жастарды «Жасыл ел» бағдарламасының жұмысшылары деп шатастырып жатады. Жасыл елдің жасақшылары өңірімізді көгалдандырып, тал отырғызу шараларына жұмылдырылады, ал ақылы қоғамдық жұмыстың жастары тікелей өңірдің тазалық жұмыстарымен айналысады. «Жасыл ел» бағдарламасы тамыз айының соңында аяқталады. Қарантинге байланысты ақылы қоғамдық жұмыс жыл соңына дейін жалғасын табады. Бірақ қыркүйек айынан бастап мектеп оқушыларына ақылы қоғамдық жұмыс тоқтатылады. Ал зейнет жасына дейінгі басқа азаматтарға жыл соңына дейін жалғасын табады. «Жасыл елде» орын саны 117 адамға шақталса, ақылы қоғамдық жұмысқа 6 ай бойы 352 адам қамтылуы қажет. Қазіргі таңда жұмысшылар ай сайын 57 мың теңге еңбек ақысын қолдарына алып отыр.

«Жасыл ел» бағдарламасы бойынша абаттандыру жұмыстары жоғары деңгейде жүргізіліп жатыр. Жаяу жүргіншілер жолын төсеу, көгалдандыру, тағы басқа тазалық жұмыстары

қарқынды жүргізілуде. Жыл сайын аталған бағдарлама бойынша жақсы жұмыс атқарған жастарды арнайы демалу орындарына жіберетін. Бұл дәстүр өз жалғасын тауып келеді. 2020 жылды Мемлекет басшысы «Еріктілер жылы» деп жариялады. «Еріктілер жылы» 7 Жалпыұлттық жоба бойынша жүзеге асады. Олар «BIRGEMIZ:QAMQOR», "BIRGEMIZ:TAZAALEM", "BIRGEMIZ:SABAKTASYUK", "BIRGEMIZ:ASYL MURA" «BIRGEMIZ:UMIT", "BIRGEMIZ:SAULYQ", "BIRGEMIZ:BILIM" жобалары. Осы орайда Жасыл ел жасақшылары "BIRGEMIZ:TAZA ALEM" «Еріктілер жылына» орай «BIRGEMIZ: QAMQOR", "BIRGEMIZ:TAZA ALEM" жобаларына жұмылдырылды. Қазіргі таңда жасыл елде жақсы жұмыс жасаған жастарымызға Нұр-Сұлтан қаласына 3 күнге демалуға арналған жолдама беріледі. Осы уақытқа дейін жастар жұмыс істегені үшін лайықты еңбек ақысын алып отыр.

Студент жастарды жазғы мезгілде бос уақытын тиімді пайдалану үшін Ойыл ауданы, «Жасыл ел» еңбек жасағы жастарының уақыттарын өңірдің өркендеуіне жұмсауға жұмылдыруда.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

БАҒБАНДАР ОТБАСЫНЫҢ ІСІ БӘРІМІЗГЕ ҮЛГІ

ОЙЫЛ ЖҰРТЫ ТАЗА, ТАБИҒИ ЖЫЛЫЖАЙ ӨНІМДЕРІН ТҮТЫНУДА. КӘСІП ИЕЛЕРІ ҰҚЫЛАС-НИЕТІ МЕН ЕҢБЕКСҮЙІШТІГІНІҢ АРҚАСЫНДА БҮГІНДЕ ӨНІРІМІЗДІ ҚОСПАСЫЗ ӨНІМДЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ. ӨРИНЕ, КӘСІПТЕРІН ЖҰЫҚ АРАДА БАСТАҒАН ОТБАСЫЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР БАСТАПҚЫДА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУҒА ИЕ БОЛЫП БҮГІНДЕ ШАҒЫН ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ДӨҢГЕЛЕТІП ОТЫР.



Ойыл ауданының тұрғыны Сапура Мырзағалиева жыл басында «Бастау» бағдарламасы арқылы бизнес негіздерін оқып шығып, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының» Ақтөбе облысындағы филиалынан «Кәсіпкер» бағдарламасы арқылы жылыжай құрылысына 5 миллион теңге несие рәсімдеген болатын. Ол қаржыға кәсіпкер түрлі бақша өнімдерін өсіретін жылыжай салып алды. Кәсіпкер бастапқыда тұқым егу

тоннаға жуық көкөністер қолжетімді бағада сатылған. Өсірілген өнім Ойыл ауданын толық қамтамасыз етуге жеткілісіз болғанымен халықтың табиғи өнімге сұранысы өте жоғары. Кәсіпкердің айтуынша тіпті арнайы Ақтөбе облысынан, Ойылдың округтерінен арнайы келіп алушылар көп екен. Өйткені бақша өнімдерінің бағасы да халыққа өте қолжетімді, сапасы да көңіл қуантады. Бүгінде жылыжайда Сапура апамыз жолдасы

паларын қара жерден тауып отырған отбасы биылғы түсім де жаман еместігін айтады.

«Біз қазір қарбызды сатуды аяқтап қауынды сатуға дайындап жатырмыз. Одан бөлек қияр, баялды, сынды өзге де көкөніс түрлері де сатылыпта. Дегенмен қыс мезгіліне қарағанда жаздағы жұмыс қиындау болып келеді. Себебі ауа райы қолайсыздау болып жатады. Басты қауіп желдің қатты соғуы, күннің шамадан тыс ыстықтап кетуі өнімді жинауға кедергісін тигізеді. Жалпы бау-бақша дақылдарына ерекше күтімнен бөлек, әр өнімге махаббатпен қарап ең бірінші оларды жақсы көру керек. Сонда ғана жақсы өнім береді. Су құйсам, топырағы, тұқымы жақсы болса болды деген ой өте қате. Өнімге бар ынта-ықыласыңмен қарап, көңіл бөлгенде ғана жер де ниетіңе қарай мол өнім береді. Бұл жылыжайды ашу, бақша өнімдерін өсіру жолдасым Миржанның бұрыннан арманы еді. Мінекей мемлекет қолдауымен кәсібімізді бастап кеттік. Барлық құрастыру, егу, жылу, су беру тағы да басқа жұмыстармен арнайы келіп алушылар көп екен. Өйткені бақша өнімдерінің бағасы да халыққа өте қолжетімді, сапасы да көңіл қуантады. Бүгінде жылыжайда Сапура апамыз жолдасы



жұмыстарын бастағанда қыр-сырына қанықпағандықтан өнім түрлерін аз еккенін айтады. Ал қазір жылыжайда бақша өнімдерінің 20 жуық түрлері өсірілуде. Оның ішінде қияр, қызанақ, қауын, қарбыз сынды қазіргі таңда халық сұранысына ие өнімдер бар. Алғашқымен салыстырғанда өнім көлемі жоғары қазіргің өзінде 1

мысмен жалпы саны төрт адам ғана жұмыс атқарып жатыр. Төккен тер өзірше кеткен шығынды ғана өтеп отыр. Таза қол еңбегін қажет ететін шаруашылыққа қосымша жұмысшылар да керек-ақ. Дегенмен шаруашылық енді тәй-тәй басып келе жатқандықтан өзірше отбасы мүшелері ғана қызмет етуде. Нәпәқа-

жұмысшылар алу ойымызда бар», - дейді. Кәсіпкерлер биыл жақсы өнім алып, тәжірибелерін шыңдап, алдағы жылдары аталған жоспарының да орындаларына сенімді. Шағын жылыжай бір отбасының ғана емес бүтіндей өңірдің мақтанышы десе де болады.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бұқаралық спортты дамыту туралы тапсырмасы Ойыл ауданында да жүйелі жүзеге асуда. Оның басты айғағы ауданның құрама командалары волейболдан облыстық деңгейде өнер көрсетіп жүр. Ауданымызда тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар саны 5884 болса, бұл көрсеткіш жергілікті халықтың 31,5 пайызын

құрайды. Осы орайда біздің ауданда дене-шынықтыру және сауықтыру спорт кешенінің құрылысы «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында мамыр айынан бастап қызу жүргізіліп жатыр. Мердігер «Сұңқар құрылыс LTD» ЖШС 12148,97 м3 көлеміндегі нысанның құрылыс жұмыстары келесі жылдың сәуір айында аяқталынады деп жоспарлап отыр. Жобаның жалпы құны – 416 миллион 912 мың теңге.

Спорт кешенін салу үшін Республикалық бюджеттен 353,891 миллион теңге, облыстық бюджеттен 24,728 миллион теңге, аудандық бюджеттен 14,0 миллион теңге бөлінген. Дене шынықтыру-сауықтыру кешені екі блоктан тұратын металлоконструкциядан құрастырылуда. Құрылыс жұмыстарына жергілікті жерден 7 адам жұмыспен қамтылған. Аумағы 588 шаршы метрді құрайтын жаңа дене шынықтыру - сауықтыру кешенінің бірінші қабатында жүзу бассейні болса, екінші қабатында спорттық ойын залы мен күрес залы және темірмен жаттығу залы болады. Спорттың бұл түрлеріне аудан жастары құмар. Олар спорттық жаңа нысанның ашылуын асыға күтуде. Себебі спорт кешенінде кәсіби деңгейде жаттығып, болашақ Олимпиада чемпиондарын дайындауға тиісті жағдай жасауға мүмкіндік бермек. Тағы бір айта кетерлік, спорттық нысанның қабылдау мүмкіндігі 88 орындық.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

